

ПО-дағы тәрбие жұмысы талқыланды

ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында аймақтардағы ҚАЖД түзеу мекемелерінің және тергеу изоляторлары бастықтары орынбасарларының қатысуымен оқу-әдістемелік жиын өтті.

«Ішкі істер органдарында тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негіздері» атты тақырып аясында ұйымдастырылған жиынға ІІМ Кадр жұмысы департаменті тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің бастығы, полиция полковнигі Болат Қаженов арнайы қатысты.

Оқу-әдістемелік жиынның бірінші күні салтанатты шарамен басталды. Еліміздің әр аймағынан келген ҚАЖД өкілдерінің алдында Академия қызметкерлері қызметте көрсеткен жетістіктері үшін ІІМ-нің бұйрығымен І, ІІ, ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдармен марапатталды. Сондай-ақ, Троицк қаласында өткен халықаралық жарыста жүлделі орын иеленген тыңдаушылар грамоталармен марапатталып, оларға кубок табыс етілді. Салтанатты шара оқу ғимараты алдында Алаштың аяулы азаматы, мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-лейтенант, Қазақ КСР ішкі істер министрі Шырақбек Қабылбаевтың ескерткішіне гүл шоғын қоюмен жалғасты.



Жиынды алғысөзімен ашқан Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов жиналғандарды оқу ордасының тарихы туралы мәліметтермен таныстырды. Қазақстан милициясының тарихында генерал-лейтенант атағын тұңғыш иеленген және екі рет министр болған, ішкі істер органдары саласындағы мемлекеттік және кадрлық саясатын жетілдіруге көп үлес қосқан қайраткер Шырақбек Қабылбаевтың есімін арқалаған Академияның тыныс-тіршілігі туралы айта келіп Мирлан Қызылов: «Ішкі істер органдарында тәрбие жұмысын талқыға салған бұл оқу-әдістемелік жиынның заңдылық пен құқықты нығайту жолында ерен еңбек еткен генералдың есімі берілген оқу ордасында өткізіліп отырғанына қуаныштымыз. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру бағытындағы жұмыстарыңызға жеміс тілеймін», - деді.

Екі күндік жиын кезінде полиция полковнигі Б.Каженов ішкі істер органдарында жоспарланған жұмыстар, жеке басшының ұйымдастырушылық, әдістемелік және жоспарлау нысандары туралы дәрістер оқыды. Сонымен қатар, ПМ өкілі құқық бұзушылықтың алдын алу, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, заңдылық пен тәртіп жағдайларын нығайту туралы өзекті сұрақтарға жауап беріп, тақырып төңірегінде ҚАЖД түзеу мекемелерінің және тергеу изоляторлары бастықтары орынбасарларының ой-пікірлерін тыңдады.

Сонымен қатар, Академияның профессорлық-оқытушылар құрамына Президент Н.Назарбаевтың бес институттық реформасын іске асыратын 100 нақты қадам – Ұлт жоспарын жүзеге асыру бағдарламасында құқық қорғау органының міндеттері, ішкі істер органдарында педагогикалық және этикалық өзара әрекет жасау және ықпал ету негіздері, ішкі істер органдарының басқару жүйесіндегі педагогикалық және психологиялық әрекет жасау әдістері бойынша дәрістер оқылды.

Орынбасар Уақпаева,
Қостанай қаласы